

Павлодар облысы білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімі «Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) және отбасы жағдайында тәрбиеленетін балаларға арналған кеңес беру пункті туралы

ЕРЕЖЕ

1.1. Отбасы жағдайында тәрбиеленетін балалар ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған кеңес беру пункті және мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданының білім беру бөлімінің «Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені» кмм-сі ұйымдастырады.

1.2. Кеңес беру пункті мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру мекемесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.3. Кеңес беру пункті ата-аналар (заңды өкілдеріне) және білім беру мекемесіне бармайтын балалар үшін жасалады.

1.4. Осы ереже мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде (бұдан әрі - МДБМ) жұмыс істейтін Кеңес беру пункттер қызметтерін реттейді.

1.5. Кеңес беру пункті мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі мен дамуында отбасыға көмек көрсету нысандарының бірі болып табылады.

2. Кеңес беру пункттің жұмыс істеу мақсаттары мен міндеттері

2.1. Кеңес беру пункті отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігін және келісімдігін қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, білім беру мекемелеріне бармайтын балалардың жан-жақты дамуына демеу болу мақсатында құрылады.

2.2. Кеңес беру пункттің негізгі міндеттері:

МДБМ бармайтын балалардың дамуы үшін жағдайды қамтамасыз етуде, ата-аналарға (заңды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

Мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесі, оқытуы мен дамуының әртүрлі мәселелері жөнінде ата-аналарға (заңды өкілдеріне) жан-жақты көмек көрсету;

МДБМ бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтенуіне көмек көрсету;

3. Кеңес беру пункті қызметін ұйымдастыру

3.1. Сайтта және МДБМ-де қажетті кеңестер, ата-аналар (заңды өкілдерінің) сұранысы бойынша жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш, телефонмен хабарласу, білім беру мекемесі сайтының жұмысын ұйымдастыру

арқылы және т.б. бойынша сырттай кеңестер ұйымдастыру – кеңес беру пункті қызметінің негізгі нысандары болып табылады.

3.2. Кеңес беру пункті ата-аналарға (заңды өкілдеріне) өзінің кеңес беру көмегін мынадай мәселелер бойынша жүзеге асыра алады:

Балалардың жас және психикалық ерекшеліктері;

Мектепте оқуға дайындық;

МДБМ-не бармайтын, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу бұзылуын алдын алу;

Балалардың шынығуы мен сауықтыруы үшін жағдай жасау.

3.3. Кеңес беру пункті айына 1 рет кеңес түрінде инстаграмға жаңа ақпарат орналастырады және әр апта сайын мына телефондар бойынша хабарласып, керекті ақпаратты алып немесе өз жағдайларыңызды хабарлауыңызға болады.

3.4. Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру мамандар: әдіскер, (аға тәрбиеші), басшы, медициналық қызметкер, қызметтерінің бірлестігі негізінде құрылады.

Ата-аналарға (заңды өкілдеріне) консультация беру бір немесе бірнеше өкілдерімен бір уақытта өткізілуі мүмкін.

3.5. Кеңес беру пункттің қызметін белгілеу үшін мынадай құжаттарды жүргізу қажет:

Кеңес беру пункттің жұмыс жоспары;

МДБМ басшысымен бекітілген Кеңес беру пункттің жұмыс кестесі.

БЕКІТЕМІН:
Басшы м/а
Ғ.Ж.Нағымжанова

«19» 2025 ж

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы
білім беру бөлімінің «Академик Қаныш Сәтбаев атындағы
мектеп -балабақша оқу-тәрбие кешені»КММ
Ақыл-кеңес беру пунктiнiң жылдық жұмыс жоспары
2025 – 2026 оқу жылы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1-5 жас аралығындағы балалар тізімін жасау, шағын орталықтар мен даярлыққа қатыспайтын балаларды анықтау.	қыркүйек	Тәрбиешілер
2	«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілінің дамуы» ата- анаға кеңес	қазан	Психолог Тәрбиешілер
3	«Балалар мен ата-аналарға арналған үй ойын кітапханасы»	қараша	тәрбиешілер
4	«Бала тәрбиесіндегі халық ойындары» ұлттық ойындар «Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ата-ананың талабы»	желтоқсан	Медбике
5	«Баланың денсаулығын қалай сақтауға және нығайтуға болады	қаңтар	Әдіскер
6	«Отбасылық тәрбиенің баланың дамуына әсері» кеңес	ақпан	Тәрбиешілер
7	«Дамытушы ойындар» Ата- ана балабақшаға шақыру	наурыз	Тәрбиешілер
8	«Ертегілер елінде»	сәуір	Тәрбиешілер
9	Жеке мамандардың жұмысы	Жыл бойы Сұраныс бойынша	Психолог Тәрбиешілер
10	Тақырып бойынша және ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру	Жыл бойы Сұраныс бойынша	Тәрбиеші
11	Ата-аналарға ашық есік күнін ұйымдастыру	Қараша Мамыр	Тәрбиешілер

Балалары білім беру мекемелеріне бармайтын, ата-аналарға арналған кеңес беру кестесі

Құрметті ата-аналар!

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданының білім беру бөлімінің «Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені» КММ-сі 2025-2026 оқу жылында балалары білім беру мекемелеріне бармайтын, ата-аналарға арналған кеңес беру пункті жұмыс жасайды.

Егер сіздің балаңыз балабақша не болмаса шағын орталыққа бармайды және сізде дамуына байланысты сұрақтарыңыз болса, онда Сіз біздің кеңес беру пункте келіп, баланың тәрбиесі мен оқытуы және дамуы мен сауықтыру

Мәселелері бойынша тәрбиешіден, медбикеден, психологтан кеңес және тәжірибелік көмек алуларыңызға болады.

Біздің кеңес беру пункті ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, баланың жан-жақты дамуына жәрдемдесуге бағытталған.

Мамандардан кеңес алу үшін мына нөмерге хабарласыңыздар: 87184064532

Кеңес беру мамандарының жұмыс кестесі

№	Маманның Т.А.Ә. қызметі	Консультацияның өткізілу күні мен уақыты
«Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп-балабақша оқу-тәрбие кешені» КММ	Н.К.Сарсембекова - Өдіскер Г.М.Рапихова - тәрбиешілер И.Е.Сагиева - тәрбиеші Ш.Т.Садыкова - Психолог Г.Көшербаева - медбике	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма 7.30.00-ден 17.30 –ге дейін

Консультациялық пунктте көмек ТЕГІН көрсетіледі!

Консультациялық пункті туралы хабарлама



Құрметті ата-аналар!

Сіздің балаңыз балабақшаға барып жүрген жоқ па?

Онда бұл ақпарат Сіз үшін!

Арнайы Сіздер үшін біздің «Академик Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп - балабақша оқу тәрбиекешені» КММ аясында КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ жұмыс жасайды.

Бізге хабарласып, сіздер мамандардың: әдіскердің, медбикенің, психологтың, тәрбиешілердің тегін білікті көмегін аласыз.

Мамандардан кеңес алуға жазылу үшін мына нөмірге хабарласа аласыз:

87184064532

Егер Сіз біздің кеңес пунктіне келуге мүмкіндігіңіз болмаса, онда Сіз өзіңізді қызықтырған сұрақты қоя аласыз және біздің мамандар сізді толық ақпаратпен қамтамасыз етеді.

БІЗГЕ КЕЛҢІЗДЕР! ТЕЛЕФОН ШАЛҢЫЗДАР!

БІЗ КӨМЕКТЕСУГЕ ӘРДАЙЫМ ҚУАНЫШТЫМЫЗ!

Жұмыс формалары

